



## X ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКОЛОГИЯ КОНГРЕСІ

(ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТҮРКОЛОГИЯ: ҒЫЛЫМИ ПАРАДИГМАЛАРЫ ЖӘНЕ ПӘНАРАЛЫҚ СИПАТЫ)

### МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

17-20 ҚАЗАН 2023  
ТҮРКІСТАН/ҚАЗАҚСТАН

## X. ULUSLARARASI TÜRKOLJİ KONGRESİ

(MODERN TÜRKOLJİ: TEMEL PARADİGMALAR VE DİSİPLİNLERARASILIK)

### BİLDİRİ KİTABI

17-20 EKİM 2023  
ТҮРКІСТАН/ҚАЗАҚСТАН

ТҮРКІЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 100 ЖИЛДЫҒА  
TÜRKİYE CUMHURİYETİNİN 100. YILINA

X. ULUSLARARASI TÜRKOLOJİ KONGRESİ  
(Modern Türkoloji: Temel Paradigmalar ve Disiplinlerarasılık) / 17-20  
Ekim 2023 Türkistan-KAZAKİSTAN  
BİLDİRİ KİTABI

X Халықаралық Түркология конгресі  
(Қазіргі заманғы түркология: ғылыми парадигмалары және  
пәнаралық сипаты) 17-20 қазан 2023,Түркістан/ҚАЗАҚСТАН  
МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖИНАҒЫ

**EDİTÖRLER / РЕДАКТОРЛАР:**

Prof. Dr. Bülent BAYRAM - док., проф. Бүлент Байрам  
Doç. Dr. Cemalettin YAVUZ - док., доц. Жемалеттин Явуз  
Dr. Madina Moldasheva - док. Мадина Молдашева  
Jupar Tanaouva - Жұпар Танауова

**Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi  
Yayımları**

Ankara  
2023

X. ULUSLARARASI TÜRKOLOJİ KONGRESİ  
(Modern Türkoloji: Temel Paradigmalar ve Disiplinlerarasılık) / 17-20  
Ekim 2023 Türkistan-KAZAKİSTAN  
BİLDİRİ KİTABI

X Халықаралық Түркология конгресі  
(Қазіргі заманғы түркология: ғылыми парадигмалары және  
пәнаралық сипаты) 17-20 қазан 2023,Түркістан/ҚАЗАҚСТАН  
МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖИНАҒЫ

**EDİTÖRLER / РЕДАКТОРЛАР:**

Prof. Dr. Bülent BAYRAM - док., проф. Бүлент Байрам  
Doç. Dr. Cemalettin YAVUZ - док., доц. Жемалеттин Явуз  
Dr. Madina Moldasheva - док. Мадина Молдашева  
Jupar Tanaouva - Жұпар Танауова

**YAYIN KOORDİNATÖRÜ / ЖАУАПТЫ ШЫҒАРУШЫ**  
Harun SARIGÜL / Харун Сарыгүл

**DİZGİ / ДИЗАЙН**  
Şahin ÇELER / Шахин Челер

**KARAK TASARIMI / КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР**  
Şahin ÇELER / Шахин Челер

**ISBN: 978-625-8329-12-4**

**İnceleme Araştırma Dizisi: 12/ Зерттеу сериясы: 12**

© Ahmet Yesevi Üniversitesi / Ахмет Ясауи университеті  
Mütevelli Heyet Başkanlığı

Aşağı Öveçler Mahallesi 1314. Cadde No: 19 Çankaya / ANKARA  
Tel: 0312 216 06 00 • Faks: 0312 223 34 29  
[www.ayu.edu.tr](http://www.ayu.edu.tr) [yayinlar@yesevi.edu.tr](mailto:yayinlar@yesevi.edu.tr)

Kitapta ifade edilen fikir ve görüşler sadece yazarlarının olup, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığının görüşlerini yansıtmazlar. / Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер Ахмет Ясауи университеті Өкілетті Кеңес басқармасының пікірлерін білдірмейді.

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Yayınları  
Ankara / 2023

# ИНТЕРНЕТ ФОЛЬКЛОРДАҒЫ ЖАНРЛАР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

## TRANSFORMATION OF GENRES IN INTERNET FOLKLORE

Жұмашай РАҚЫШ\*

### АҢДАТПА

XX ғасырдың соңына қарай ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты әлемде қоғамдық өмірдің барлық саласында күрделі өзгерістер орын алды. Қазіргі жаһандану жағдайында фольклордың статусы өзгеріп, көптеген фольклор жанрлары біршама трансформацияға түскен. Мақалада интернет фольклордың отандық және шетелдік фольклортану ғылымында зерттелуіне шолу жасалды. Түрік және эзирбайжан ғалымдарының интернет фольклор жөніндегі зерттеулері назар аударуды қажет етеді. Интернет фольклор отандық ғылымда көп зерттеле қоймаған, қазақ тілді интернет-контент қарастырылмаған. Интернет арқылы таралған фольклорлық мәтіндер зерттеу нысанына алынды. Интернет фольклор пандемия жағдайында қарқынды дамыды. Интернет желісіндегі фольклорлық мәтіндерді көптеген желі қолданушылар белсенді қолданады, Facebook, Instagram, Telegram, Twitter арқылы келген хабарламалармен танысып, оған редакция жасап, өзгертеді, сақтайды, жазып алады, көшіреді, ары қарай басқа біреуге таратады. Виртуалды коммуникациядағы жинақталған материалдар жүйеленіп, сараланды. Оларды іздеу, жиналған мәліметтерді базада сақтау, жүйелеп өңдеу, big data мәліметтермен жұмыс, статистикалық талдау жұмыстары жүргізілді. Зерттеу барысында жүздеген адамға сауалнама жүргізілді, оның статистикалық нәтижесі сарапталды. Қазақ интернет фольклорының жанрлық өзгерісін таныту бағытындағы зерттеу гуманитарлық ғылым саласы мамандарына арналады.

**Кілт сөздер:** интернет фольклор, фольклор, электронды орта, мәтін, виртуалды коммуникация

### ABSTRACT

By the end of the 20th century, due to the rapid development of information technologies, serious changes took place in all spheres of social life in the world. In the current globalization, the status of folklore has changed, and many genres of folklore have undergone some transformation. The article reviewed the study of Internet folklore in domestic and foreign folkloristic science. The research of Turkish and Azerbaijani scholars on Internet folklore deserves attention. Internet folklore has not been studied much in domestic science, internet content in the Kazakh language has not been considered. Folklore texts distributed via the Internet were taken to the object of research. Internet folklore has developed rapidly in the face of a pandemic. Facebook Instagram, Telegram, Twitter, folklore texts on the Internet are actively used by many users of the network, they get acquainted with messages coming through Facebook,

---

\* филол.ғ.к., М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан (zhumashay19@mail.ru) <https://orcid.org/0000-0002-7574-072X>

Instagram, Telegram, Twitter, edit, change, save, record, copy, and later distribute to someone else. Generalized materials in virtual communication are systematized and differentiated. Their search, storage of the collected data in the database, systematized processing, work with big data, statistical analysis was carried out. During the study, hundreds of people were interviewed, the statistical results of which were analyzed. The study of the genre transformation of Kazakh Internet folklore will be devoted to specialists in the field of humanities.

**Keywords:** Internet folklore, folklore, electronic environment, text, virtual communication

## Кіріспе

XX ғасырдың соңына қарай жаһандану жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуымен қоғамдық өмірдің барлық саласында түбегейлі өзгерістер орын алды. Интернет желісінің жедел дамуы дәстүрлі фольклор жанрларының ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру аясына әсерін тигізді.

Интернеттегі фольклор АҚШ, Ресей, Бразилия, Эстония, Литва, Франция, Венгрия сияқты елдерде 1980-жылдардан бастап ғылыми тұрғыда қарастырылып, монографиялар мен мақалалар жарияланған (Алексеевский, 2010, 153-б.). Соның ішінде америкалық фольклортанушы Алан Дандестің зерттеулері осы саладағы ғылыми пікірталастың өрістеуіне ықпал жасады (Dundes, 1975). Виртуалды коммуникациядағы фольклор үлгілерін жан-жақты зерттеу W. Fox (1983), B.Kirshenblatt-Gimblett (1996), R.G. Howard (2008), T.J. Blank (2009), т.б. еңбектерінде назарға алынды. Түрік және әзірбайжан ғалымдарының, атап айтқанда Z. Baki (2014), A. Guvenc (2014), F. Bayat (2018), H. Quliyev (2018; 2019), т.б. интернет фольклор жөніндегі зерттеулері ерекше назар аударуды қажет етеді.

2000 жылдардан бастап интернеттің кең таралуы мен Web 2.0 технологиясының жаппай қолданысқа енуі әлеуметтік желілерде интернет-фольклордың белсенді таралуына жол ашты (Грапатчикова & Хоруженко, 2017, 14-б.). Қазіргі таңда жалпы көпшіліктің постфольклор мәтінін қолдануы, желі ішінде таратуы осыған байланысты.

Дәстүрге негізделіп, прагматикалық мақсатта қолданылатын фольклор туындысы ауызша орындалған сәтте ғана өмір сүреді. Жыршы тыңдаушының ынта-ықыласына қарай шығарманы ұзақ айтуы немесе қысқа қайыруы ықтимал, яғни айтушы мен

тыңдаушы бір мезгілде ауызша мәтіннің жасалуына ықпал етеді. Ал қағазға немесе бейнетаспаға жазылып алынған фольклор туындысы дәстүрлі фольклордан алшақтайтыны белгілі. Біздің мақсат – виртуалды коммуникациядағы мультимедиялық фольклорлық шығармаларды әлеуметтік-антропологиялық бағытта зерттеу қажеттігін айқындау.

### **Зерттеу әдістері**

Интернет кеңістігінде қазақ фольклорлық мәтіндерінің электронды базасын қалыптастыру мақсатында жинақталған материалдарды жүйелеп, саралау үшін эвристикалық, герменевтикалық әдістер қолданылды. Қазақ постфольклорының жанрлық трансформациялануын анықтау, жинау және цифрлық жүйеге енгізу кезінде базада сақтау, статистикалық талдау, интернет-контентпен жұмыс жасалды.

### **Талқылау**

Интернет фольклор деп мәтін авторы болмайтын немесе ұмытылған, анонимді, көпнұсқалылық, өзгергіш, ұжымдық, дәстүрлік, фольклор заңдылығымен дамыған, желі арқылы таралған мәтіндер танылады.

Шетел фольклортану ғылымында «фольклор» терминімен ертегі, жұмбақ, ойын фольклоры мен ғұрыптық фольклор т.б. жанрларды ғана емес, анасының қызына тоқыма өнерін үйретуі сияқты материалдық емес мәдени мұраны да атайтыны белгілі (Иванова, 1995, 237-б.).

Отандық ғылымда интернет фольклор қазіргі мәдениеттегі жаңа фольклорлық құбылыс ретінде терең зерттеле қоймаған. Қарағандылық фольклортанушы С. Бралинаның сипаттамалық-сараптамалық мақалаларында орыс фольклортануындағы зерттеулерге шолу жасалады, бірақ онда қазақ тілді интернет-контент жайы сөз болмайды (Бралина, 2003, 2004, 2005, 2011). Ал 2018-2020 жылдары гранттық қаржыландыру жобасы аясында орындалған «Кибер әдебиет» атты ұжымдық монографияда интернет арқылы таралған авторлық көркем шығармалар қарастырылған (Қалиева, 2020). М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында гранттық қаржыландыру жобасы бойынша 2022-2024 жылдарға жоспарланған зерттеу жұмысы жүргізіліп отыр.

Кез келген цифрлы әлемді меңгерген адам фольклор мәтіндерін өз талғамына қарай жаңғырта алады, кейбір оқиғаларды қосып,

әсірелеп немесе қысқартып, интернеттегі бағдарламалар арқылы бөліседі. Киберкеңістік халықтың виртуалды зердесіне айнала бастады. Тарихи аңыздар, топонимдік аңыздар және шежірелік аңыздар киберкеңістікте кеңінен таралып, белгілі бір интернет порталдың, сайттардың қызметінде (фото, видео, жарнама түрінде), әлеуметтік желілерде пайдаланылуда. Аңыздардың ақпараттық немесе коммуникативті функцияларының белсенділігі артты. Ал ән өлеңдері авторының ұмытылуы оның фольклорға айнала бастауын көрсетеді. Ел есінде көше әні ретінде сақталған мәтінді жеткізуші оның авторын білмесе, постфольклорлық мәтінге айналады.

Түрік ғалымы Әһмәд Өзгүр Гүванс фольклордың электронды ортада пайда болуы мен таралуы туралы жазып, фольклор үлгілерінің электронды ортадағы үлгілерін «e-folklor» терминімен атауды ұсынады (Güvanc, 2014).

Фольклорлық шығарманың мәтіні әр орындалған сайын даралық сипатқа ие болады, сондай-ақ интернет желісінде таралған мәтіндердің де осындай феномендік белгісі көрінеді. Профессор Ф. Баяттың «Folklordan Postfolklor Folklorun strategiyası» мақаласында әзірбайжан постфольклорының семантикасы, қызметі және әлеуметтік рөлі зерттелді, виртуалды фольклорды фактілерді көрсетудің және ақпаратты жеткізудің ең оңтайлы әдісі ретінде қарастырады (Bayat, 2018, 39-51).

Зерттеуші D.W. VanArsdale «Шынжыр хаттардың эволюциясы» атты еңбегінде көптен бері таралып жүрген электронды хаттарды зерттеу қажеттігі айтылады, «бақыт хаттарының» бірнеше түрін: «таратпасаң, бақытсыздыққа ұшырайсың» және «таратсаңыз, сәттілік әкеледі» деген мазмұндағы хаттар, қайырымдылық немесе айырбас жасау туралы өтініш айтылатын хаттар, діни мазмұндағы хаттар, бұрын жазылған шынжыр хаттардың мазмұнына пародия-хаттар т.б. көрсетеді. «Bogus Warning» (жалған ескертулер), вирустан сақтану жолдары туралы, жоғалған балалар туралы хаттар, петициялар, саяси жағдайға қатысты комментарийлер және т.б. (VanArsdale, 2016).

Әлемде интернет фольклор контексінде сатира жанрындағы әңгімелер жиі кездеседі. Мысалы, әзірбайжан зерттеушісі Н.Қулиев пікірінше, танымал тұлғаның бейнесі виртуалды ортада трансформацияланып, пародия стилінде, ирониялық формада суреттеледі. Оның пародия кейіпкеріне айналуының әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-мәдени және философиялық

аспектілері нақтыланған. Зерттеуші әртүрлі жастағы әлеуметтік топтар арасында танымал тұлғаны әзіл-оспаққа айналдыратынын Facebook пен Twitter-дегі тегтерді зерделеу арқылы анықтаған (Guliyev, 2022, 109-125-б.).

### **Нәтижелер**

Кез келген цифрлы әлемді меңгерген адам аңыздарды өз талғамына қарай жаңғырта алады, кейбір оқиғаларды қосып, әсірелеп немесе қысқартып, интернеттегі бағдарламалар арқылы бөліседі. Киберкеңістік халықтың виртуалды зердесіне айнала бастады. Тарихи аңыздар, топонимдік аңыздар және шежірелік аңыздар киберкеңістікте кеңінен таралып, белгілі бір интернет порталдың, сайттардың қызметінде (фото, видео, жарнама түрінде), әлеуметтік желілерде пайдаланылуда. Аңыздардың ақпараттық немесе коммуникативті функцияларының белсенділігі артты. Ал ән өлеңдері авторының ұмытылуы оның фольклорға айнала бастауын көрсетеді. Ел есінде көше әні ретінде сақталған мәтінді жеткізуші оның авторын білмесе, постфольклорлық мәтінге айналады (Адоньева, 2004).

Студент қатарына қабылдау рәсімі, оқу мерзімінің ортасын атап өту дәстүрі, студенттік немесе мектеп кезеңінде қыздар альбомы мен әскери қызметте болған солдаттың альбомындағы жазбалар, әскерге қабылданған мерзімнің басы-ортасы-соңы аталып өтуі постфольклордың жанрлық түрлеріне жатады. Қыздардың альбомына «Гүлденген әлем, пәленшеден сәлем», «Роза гүлді аларсың, Оны суға саларсың. Оны суға салғанда Мені есіңе аларсың» немесе «Гүлді салған себебім, Гүлдей жайна дегенім, Жапырағын салған себебім. Жайнап өссін дегенім» деген мазмұндағы бір альбомнан келесі альбомға көшірілетін тақпақтар көпнұсқалы болып келеді. Мысалы, «Қатем болса кешір, өшіргішпен өшір. Өшіргіш болмаса, жүрегіңнен өшір!» немесе «Қатесі болса кешір, өшіргішпен өшір. Өшіргішпен өшпесе, шын жүрекпен кешір». «Ақкуды атпа, досыңды сатпа». «Ақкуды атқаның – досыңды сатқаның». Келтірілген мәтіндік мысалдар жекелеген информанттардан алынды.

Интернет фольклордағы бата жанры да дәстүрлі жанрдан өзгеріске түскені байқалады. Ғұрыптық фольклордағы бата сөзде сөздің магиялық күшіне деген сенім көрініс табады. Халқымыз әртүрлі тылсым күштерге сөз арқылы әсер етіп, тілек тілеу, қорғану мақсатын көздеген. Батада айтылатын жақсы тілектердің орындалуына интернет ортада бата беруші де, өз ортасына



тарататындар да сенеді, үміттенеді. Бата сөз жанрында бата берушінің «болсын!» деген етістікке аяқталып отыратын, формула түріндегі сөзі «эумин» деп аяқталады.

Ғалым Шәкір Ибраевтың (2021) айтуынша, «Батаның мазмұнында игі тілек айту ғана емес, жамандықтан сақтану мотиві де басым. Алғыс пен бата сөзінде орын алған ақ тілектің қарама-қарсы жағында жамандық тұр. Ол кейде айтылса, кейде айтылмайды, бірақ ойда тұрады. Тел оппозициялы ұғымның байырғы мифтік санаға тиесілі табиғаты қарама-қарсы жұптасқан сыңар түрінде алғыс пен қарғыста көрініс тапқан. Бата сөзінің арасында қарғыстың аралас жүруі осының айғағы» (203-б.).

Бата, алғыс, тілек пен құттықтау мәтіндерінің мазмұны өзгеріп, кейде жанрлардың бір-біріне кірігіп кеткені, қоғамдағы қызметі мен қолданыс аясы да ауысқаны аңғарылады. Интернет желісінде мерекелер мен апта күндеріне қатысты түрлі құттықтаулар мол тараған.

Апта күндеріне арналған тілек: «Аптаның алғашқы күні сәтті болсын, Берекелі күн болсын, Жақсы жаңалықтар көп болсын. Баршаңызға сәттілік». «Қайырлы таң! Сенбі күні үйлеріңізге қуаныш пен шаттық, бақ-дәулет, құт-береке дарысын. Ел-жұртымыз тыныштықта болсын. Баршаңызға арайлап атқан таң қайырлы болсын!»

Жастарға тілек: «Құдай қосқан қосағыңмен қоса ағар, Кешірімді, кішіпейіл болындар. Аналық жүректен шыққан ақ тілегім, «Қабыл болсын» деп Алладан тіледім. Бір Алла тіл-көзден өзі сақтасын, Жолдарың ақ, түзу болып басталсын. Екі жасқа арналған осы ақ тілек, Періштенің құлағына шалынсын».

«Менің жақын жандарым, Күліп атсын таңдарың. Сәтті болсын күндерің, Ашық болсын жолдарың. Орындалсын ойлаған Мақсат, тілек, арманың. Аман-есен жүріңдер, Панасында Алланың». «Шат-шадыман көңілің ортаймасын, Қиындығы өмірдің байқалмасын. Аман болып отбасың, ошақ қасың, Шаңырақтың шаттығы шайқалмасын».

Неклюдов әрбір әлеуметтік топтың өз мәдени коды мен өзгеге беймәлім мәтіндері болады деп есептейді (2003). Коммуникативті адамдар арасындағы қарым-қатынаста қысқа түрде пікір айту, дәстүрлі ұзақ баяндаудың болмауы; жест, мимика, символика, жазба әдебиетпен тығыз байланыстың ажырауы аңғарылады. Мәтіннің қысқаруы, шағын мәтіннің басымдығы ақпарат

ағынының көптігі мен бәсекелестігін танытады. WhatsApp бағдарламасында мәтінмен қатар бейне, смайлик арқылы ой бөлісу тиімді болатын жағдайлар жиі кездеседі. Интернет желісінде gif форматындағы қысқа видеоларда қуаныш, реніш, өкініш сияқты қандай да бір эмоцияны, әркілі көңіл-күйді көрсетеді, олар сөйілдік мақсатта қолданылады. Дәстүрлі қоғамның урбанизация жағдайында фольклор дәстүрінің өмір сүруі өзгереді.

Фольклордың ірі жанрлары, әсіресе жырлар, дастандар постфольклорда бірте-бірте өмір сүруін тоқтатады, оның есесіне постфольклордың шағын жанрлары, аңыздар, қауесеттер, қорқынышты әңгімелер, ғұрыптық фольклордың наным-сенім үлгілері, нәресте туғанда, үйлену тойында айтылатын өлеңдер, кісі қайтыс болғанда орындалатын рәсімдер өміршеңдігін танытып келеді. Желіде дәстүрлі фольклор жанрларының электронды жолмен таралуы басым бағыт алған.

### **Қорытынды**

Виртуалды коммуникациядағы қазақ постфольклорлық мәтіндерінің электронды базасын қалыптастыру мақсатында жинақталған материалдар жүйеленіп, сараланды. Қазақ постфольклоры бойынша бұрын жарияланбаған, мазмұндық және тақырыптық жағынан бағалы материалдар қоры жиналды. Қазақ постфольклорының жанрлық өзгерісін таныту бағытындағы зерттеу гуманитарлық ғылым саласы мамандарына арналады. Қазақ постфольклорының жанрлық трансформациялануы талданды, сөйілдік мақсаттағы интернет-контент қарастырылды.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

- Адоньева С.Б. (2004). *Прагматика фольклора*. СПб.: С.-Петербург. ун-та; Амфора.
- Алексеевский М.Д. (2010). Интернет в фольклоре или фольклор в Интернете? (Современная фольклористика и виртуальная реальность). *От Конгресса к Конгрессу. Навстречу Второму Всероссийскому конгрессу фольклористов: Сб. материалов*. М.: ГРЦРФ.
- Blank, T.J. (Ed.) (2009). *Folklore an. the Internet: Vernacular Expression in a Digital World*. University Press of Colorado.
- Baki, Z. (2014). Internet folkloru/ netlore baglaminda sozlu kulturun donusumune netnografik yaklasimlar: *Katilimci sozluک ornekleri* (Yuksek Lisans Tezi). Gazi Universitesi Sosyal Bilimler Enstitusu.

- Bayat F. (2018). Folkloridan Postfolklorla Folklorun strategiyası. *Dede Qorqud*. (2), 39-51.
- Бралина С. (2003). Концептуальная сущность современного фольклора. *Язык. Этнос. Картина мира: Сб. науч. трудов*. Кемерово: Графика, 99-103. Бралина С. (2004). Научный статус современной фольклористики. *Татищевские чтения: Актуальные проблемы науки и практики: Материалы Междунар. науч. конф. Ч. III*. Тольятти: Волж. ун-та, 86-90. Бралина С. (2005). Postfolklore как феномен современной культуры. *Вестник КарГУ. Серия филол.* (4), 44-46. Бралина С., Демьянова (2011). Неофольклорные явления в современной культуре. *Вестник КарГУ. Серия филол.* (1), 36-43.
- Guliyev, H. (2022). İnternet Folkloru Bağlamında Parodik Kahraman Algısı: Sosyal Protesto ve Yetişkinliğe Kültürel Geçiş. *Millî Folklor*. (136), 109-125.
- Guvenc A.Ö. (2014). İnternet folkloru üzerine önerilen bir termin: e-folklor. *Ataturk Universitesi Sosyal Bilimler Enistitusu Dergisi*. (18), 31-46.
- Грамагчикова Н.Б., Хоруженко Т.И. (2017). Постфольклор и интернетлор. Екатеринбург: Урал. ун-та.
- Dundes.A. (1975). Interpreting Folklore. Dundes.A. (2004). Folkloristics in the Twenty First Century (AFS Invited Presidential Plenary Adress.). *The Journal of Amican Folklore*. (118), 385-408.
- Howard, R.G. (2008). Electronic Hybridity: The Persistent Processes of the Vernacular Web. *The Journal of American Folklore*, 121 (480), 192-218.
- Quliyev H. (2018). *Virtual mühitdə folklor: ənənə və kommunikasiya*. Bakı: Sabah.
- Quliyev H. (2019). İnternet folklorunda anonimlik problemi. *Дедө Коркүд*, (2), 81-93.
- Иванова Т.Г. (1995). Американская фольклористика о русском фольклоре. *Russian Studies: Ежеквартальник русской филологии и культуры*. СПб. (2), 237.
- Fox W. (1983). Computerized Creation and Diffusion of Folkloric Materials. *Folklore Forum*. (16), 5-20.
- Ибраев Ш. (2021). *Қазақтың ғұрыптық фольклоры*. Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ.
- Kirshenblatt-Gimblett B. (1996). *The Electronic Vernacular: Connected Engagements with Media*. Chigago: University of Chigago Press.
- Қалиева А. (ред.). (2020). *Кибер әдебиет: Ұжымдық монография*. Алматы.

- Неклюдов С.Ю. (2003). Фольклор современного города. *Современный городской фольклор*. М.: РГГУ, 5-24.
- VanArsdale D.W. (2016). *Chain Letter Evolution*.



## **X ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКОЛОГИЯ КОНГРЕСІ**

(ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТҮРКОЛОГИЯ: ҒЫЛЫМИ ПАРАДИГМАЛАРЫ ЖӘНЕ ПӘНАРАЛЫҚ СИПАТЫ)

### **МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

17-20 ҚАЗАН 2023  
ТҮРКИСТАН/ҚАЗАҚСТАН

## **X. ULUSLARARASI TÜRKOLJİ KONGRESİ**

(MODERN TÜRKOLJİ: TEMEL PARADİGMALAR VE DİSİPLİNERARASILIK)

### **BİLDİRİ KİTABI**

17-20 EKİM 2023  
ТҮРКИСТАН/ҚАЗАҚСТАН

